

# Ойға оралған уәлі сөздер

Император Наполеон Бонапарт былай депті:

- Эскер соғыста қаза болса, оның орнын толтыруға болады, ал ақын елсе, оның орнын толтыру мүмкін емес.

\*\*\*

Адамды қазірде жарық дүниеге байлаң тұрған бір-ақ нәрсе бар, ол - Құдайға деген сенім. Сол сенім жоғалған күні адам хайуан кебін киеді.

\*\*\*

Өнер адамның жеке меншігі емес. Өнер - ең алдымен Құдайдың қазынасы. Құдайдың назары түсken адамның бойынағана өнер дариды. Сондықтан өнер - Құдайдың адамзат баласына тарту еткен ен асыл сыйы.

Құдайдың қазынасы - өнердің бағасын білетін халық үшін ғана еркениеттің ізгілікті қакласы ашылады. Ал Құдайдың қазынасының бағасын білемейтін халық Ұлы Жаратушының ақ жолынан адасып, бақытсызыдышқа үшірейді.

\*\*\*

Қазақтың баласы не себепті өмір баки мейірімді, ата-анасын мұлтқысіз тыңдастырын болған? Бұл сұрақтың жауабы мынада: қазақтың қатындары бағзы заманнан балаларын туысымен қойына алып жатқан, тіпті балдырыған жасына дейін анасының бауырында жатқан бала аса мейірімді болатыны шындық.

\*\*\*

Бірде жеңілтек қыз данагөйге келіп: - Көп қызбен ашына болған жігіт жақсы да, көп жігітпен ашыналық қатынас жасаған қыз неге жаман болады? - деп сұрақ қойыпты. Сонда данагөй оған:

- Кез келген құлыпты аша алатын кілт - жақсы, ал кез келген кілтке ашыла беретін құлып - жаман, - депті.

\*\*\*

Мәдениеттіліктің қайнар бұлағы - білім. Ал білімның бастау көзі - кітап. Сондықтан жұмыстан қол босағанда кітап оқу керек.

Француз халқының философы һәм жазушысы Диодро (1713-1784): «Кітап оқуды мұлдем доғарғанда адамның ақыл-ойы да таусылады» деген екен.

\*\*\*

«Әзіл» деген сөзде «ә» әрпінен кейін «зіл» деген сөз бар. Сондықтан еш адаммен орынсыз вәлдесудің қажеті жоқ. Себебі тіпті сыртап досын да шамына тиетін сөз айтсаң, оның сырты кешірімді болғанымен, наласы ішінде қалады. Асылы, жамандық әзілден басталатынын білген жән.

\*\*\*

Аққудың көзінен жас шықпайды. Бұл - табиғи шындық. Алайда бір ақын: «Аққудың көз жасындаған көле тамған» дег жырлаған екен. Әрине, мұнда ақын езінің шабыт қуатымен оқырманды баурап, етірікке сендерімек болған сияқты.

\*\*\*

Ақ пейілсіз жүрек - қанды айдал жүргізетін сорғы сияқты қурал.

\*\*\*


Баянаула өнірі - алтын білесік бетіндегі жарғыраған жауғар тастай жайнаған табиғаты ерекше көркем әрі данкты біртуар ақылгей, білімдар, ділмар перзенттерімен аты шыққан жер жаңнаты.

\*\*\*

Шындық - өзгермейтін, шірімейтін, мәңгі-бақи жасаітын жалғыз құдірет.

\*\*\*

Ерлі-зайыптылардан бір-біріне жақын адам жоқ. Өйткені олардың қаны мен қаны, жаны мен жаны араласқан бір



бүтін, ал барлық басқалары сандырақ, бышыл, бос қиял.

\*\*\*

Егер «қазақ» деген этноним нақты «қарақаш», «кезбе», «қашқын» деген мағыналарды білдірген болса, онда 1465 жылы Керей мен Жәнібек құрған мемлекеттің атауы «қазақ қандығы» деп аталмаған болар еди.

\*\*\*

Әзі тойса да, көзі тоймайтын түйені түгімен, вагонды жүгімен жүттәтын жалмауыз шенеуніктердің көбеюіне берік тосқауыл қою барлық рееси деңгейдегі биліктің басты міндетіне айналмай, сыйбайлас жемқорлық мұлдем жойылмайды.

\*\*\*

Алтын - өзі шірімесе де, талай алайқтардың басын шірітетін капитал.

\*\*\*

Әйелсіз өмір сурген еркек - міскіннің міскіні, сондай-ақ, ері болмаған әйел де - сорлының сорлысы.

\*\*\*

Ресми биліктің тұтқасын ұстаған әрбір шенеунік өзінің қызыметінде әділ шешім қабылдайтын болса, оған ешкім пара бере алмайды. Сонда «парақор» деген сөз қазақ тілінде қолданыстан шығып қалатыны - айқын шындық.

\*\*\*

Көбіне адамның байлығы неғұрлым көбірек болса, соғұрлым оның байлықты қездеген тойымсыздық сезімі артып, нысабы азаяды. «Дәніккеннен құныққан жаман» деген осы. Асылы, байлықта мейлінше

дәнігу адамды қылмысқа итермелейтінін естен шығарма керек.

\*\*\*

Қазақ ұлтжанды болмайынша, ұлт пен үрпақтың келешегі қүнгірт болары күмәнсіз.

\*\*\*

Қарапайымдылық - ең алдымен білімділіктің белгісі. Білімсіз адам «мен бәрін білем, менікі жән» деп мемменшіл келеді. Сондықтан білімсіз адамға байлық пен мансап бітсе, әр кекіректеніп, шалқайып шыға келеді. Өкінішке қарай, еліміздегі сан салалы билік пен байлықта қайсыбыр білімсіз адамдар да ие болып отыр.

\*\*\*

Келешекте мәңгілік елдің жүртү боламыз десек, біздің қазаққа жеке бастың пайдастын емес, ел мұддесін ойлайтын үақыт келгенін білуіміз шарт.

\*\*\*

Арабтың әбжад жүйесі бойынша «адам» деген сөздің мағынасына 45 саны сәйкес келеді. Яғни 45 - адам сезінің сандық мәні. Осындағы 4 пен 5 цифлары бірлікшесе, адами дәрежеге жетуге болмайды. Осыны білген даңышпан Абай атамыз адамдық, қасиеттерді толькырыға арналған 45 қара сөз жазуы да тегін болмаса керек. Ал 4 пен 5 сандарының қосындысы 9 санының қасиеттің токталсақ, ана құрсағында нәресте тоғыз ай, тоғыз қүн, тоғыз сағат мәлшерінде есіп жетіледі. Тоғыз санының омонимі - ұзак өмір.

Сонымен бірге, жер бетіндегі тіршілікте және адам өміріне әсер ететін тоғыз планета бар. Олардың қозғалысы жер бетіндегі бүкіл тіршілікке ықпал жасайды. Қошпелі қазақ халқының арғы ата-бабалары оны жақсы білген. Тоғызқұмалақ ойыны да сол планеталар қозғалысына сәйкес пайда болуы мүмкін.

**Серік ЖАҚСЫБАЕВ,**  
Екібастұз қаласының  
Құрметті азаматы.